

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОРНЫ МЕН РӨЛІ

Наукенова Е.Б.

Ғылыми жетекшісі: гуманитарлық ғылымдарының магистрі, оқытушы Мустафин Е.Е.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Электрондық адресі: baurzhanovnaeee@gmail.com

Қарағанды қ.

Әлемде ғылыми-технологиялық прогресс көз ілеспес жылдамдықпен дамып, адамзат өзінен бұрынғы халықтар көрмеген заттарды көріп, олар жасай алмаған өркениетті жасап отырған кезде, бір планетада өмір сүріп жатқандықтан, адамдар бір-бірлерімен бірігіп, ұйымдаса әрекет етудің орнына, керісінше, жыл сайын халықтар мен жекелеген мемлекеттердің бір-бірлеріне деген араздығы одан сайын күшейіп, өшпенділіктері артып келе жатқанын өз көзімізбен көріп те, құлағымызбен естіп те, куә болып отырмыз.

Меніңше, адамзат әлемдегі ең басты құндылық - адам өмірі екенін естен шығарып алған секілді. Адамның күні адаммен дегендей, балалардың мектепке аман-есен барып, келуінің өзі ата-ананың қорқынышына айналғанда, жоғары технологиялармен жабдықталған мектептің, ойын-сауық орталықтарының не қажеті бар? Бірлігін жоғалтқан қоғамның келешегі не болатынын ойланып жатқан біреу бар ма?

Бұл мәселенің шешімі біздің елімізде сонау 90-шы жылдары-ақ қарастырылып қойған екен. Қазақстанның кең-байтақ, дарқан жерінде 130-дан аса ұлт өмір сүріп, туған жерім деп санайтын болғандықтан, Елбасымыздың тікелей ұсыныс жасауының арқасында, 1995 жылы наурыз айының бірінші жұлдызында, республикамыздың қоғамдық-тарихи сахнасында «Қазақстан халқы Ассамблеясы» атты жаңа ұйым пайда болады [1, 150-153 б.].

Еліміздегі ұлттар арасындағы ауызбіршілік пен татуластықты сақтауға көптеген себептердің туындауына байланысты, Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев халықтық парламентаризмнің трибунасы мен саны жағынан аз ұлттардың құқықтарын қорғайтын, әлемдегі баламасы жоқ осындай маңызды ұйымның құруына өз үлесін қосқан екен.

Қазақстан халқы Ассамблеясы - Қазақстан халықтарының бірлігін нығайтып, азаматтар арасындағы патриоттық сезімді оятуға арналып құрылған бірлестік. Ассамблея Парламенттің төменгі палатасы - Мәжілістің 9 депутатын сайлауы, оның еліміздің саяси аренасында жоғары орынға ие екенін көрсетеді. Ал сайланған 9 депутатқа еліміздегі барлық этностардың мүддесін қорғау міндеті жүктеледі.

Ассамблеяның құрылымы Ассамблея сессиясынан, Ассамблея Кеңесінен, Ассамблеяның аппаратынан (хатшылығынан), облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астаналардың) ассамблеяларынан тұрады. Ассамблея сессиясы - Ассамблея мүшелерінің жиналысы - Ассамблеяның жоғары басқару органы. Сессияны Қазақстан Республикасының Президенті қажеттілігіне қарай, жылына кемінде бір рет шақырады.

Ассамблеяның Аппараты (Хатшылығы) Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігінің құрамына кіретін, Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттелетін Ассамблеяның жұмыс органы болып табылады. Аппаратты (Хатшылықты) Аппарат басшысы (Хатшылық) басқарады, ол сонымен қатар Ассамблея Төрағасының орынбасары болып табылады. Ассамблея Төрағасы Ассамблеяны, Ассамблея Кеңесін басқарады және Ассамблея қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады. Ассамблея Төрағасының орынбасарларын Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды. Облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астаналардың) ассамблеялары өз қызметін жүзеге асыру кезінде Ассамблеяға есеп береді.

Сессиялар арасындағы кезеңде Ассамблеяны Қазақстан Республикасы Президентінің шешімімен құрылатын Ассамблея Кеңесі басқарады. Кеңестің құрамын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді. Кеңес этномәдени бірлестіктер өкілдерінің,

облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) ассамблеялары басшыларының, мемлекеттік органдардың Ассамблеясы мүшелерінің арасынан құрылатын орган болып табылады. Қазақстан Республикасы Президентінің шешімімен, Кеңес құрамына Ассамблеяның басқа да мүшелері енгізілуі мүмкін.

Облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) ассамблеясы мен ассамблеясының құрамы, Қазақстан Республикасының азаматтары қоғамдағы беделі ескеріле отырып, этномәдени және өзге де қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, мемлекеттік органдардың өкілдері, сондай-ақ басқа да адамдар қатарынан сайланады. Ассамблея мүшелері өз қызметін Ассамблея туралы заңда белгіленген өкілеттіктер шегінде жүзеге асырады.

Ассамблея құрамына кіретін этномәдени қоғамдық бірлестіктер ұйымдастыратын Қазақстандағы ұлтаралық келісімді қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларды қаржыландыру, Республика заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Мемлекетіміздің әр аймағында Достық үйлері орналасқан. Жыл сайын Достық үйлерінде Қазақстан халқы Ассамблеясының іс-шаралары, әлемнің түкпір-түкпірінен келген діни және рухани ұйымдардың жиындары өтеді.

Конституцияға енгізілген өзгерістерден, бұдан былай Қазақстан халықтары Ассамблеясы халық Ассамблеясы болып өзгергенін аңғаруға болады. Осы уақытқа дейін Елбасының Жарлығына сәйкес, Ассамблея Қазақстан халықтарының Ассамблеясы болып аталып келді. Бұл Қазақстан халқы үшін өте маңызды түзету, өйткені, біздің Атазаңымыз: «Біз, Қазақстан халқы» деген сөздермен басталады. Бұл біздің елдің ұлттық құрамы жағынан саналуан әрі көптеген мәдениеттерді өзіне біріктірген, бірлігі жарасқан ел екенін көрсетеді.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Ассамблеяны құру идеясын ұсынуына байланысты, көп жылдар бойы Ассамблеяны басқару Елбасымыздың тізгінінде болды. Бұл 2000 жылғы 20 шілдеде қабылданған, «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 2-тармағының Тұңғыш Президенттің мәртебесін айқындайтын 1-бапта, Елбасымыз өзінің тарихи миссиясына орай, Ассамблеяны өмір бойы басқару құқығына ие екені қабылданып, бекітілген болатын.

Ал 2008 жылы 20 қазанда «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Аталмыш заң мемлекеттік ұлттық саясатты іске асыруға, Қазақстан Республикасындағы қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге және мемлекет арасындағы өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыруға, Қазақстан халқы

Ассамблеясының мәртебесін, жұмысын ұйымдастыру тәртібін айқындап, қалыптастыруға бағытталған.

Бүгінгі күні Ассамблея қоғамдағы бейбітшілік пен толеранттылықты дамытуға зор үлес қосып, экстремизм, радикализм секілді мемлекетіміздің қауіпсіздігіне тікелей қауіп төндіретін теріс бағыттарды жоюға күш салып, демократиялық нормаларға сүйене отырып, өз құқықтарын толық білетін сауатты, көзі ашық азаматтық қоғамды құруға етене ат салысып отырған бірден-бір ұйым.

Қазақстан халқы Ассамблеясының XV сессиясында, Н.Ә. Назарбаев этникааралық келісімнің потенциалын нығайту жөнінде бірнеше шаралар қолдану керектігін жеткізеді. Елбасымыз, әсіресе, азаматтық иденттілік, білім беру жүйесі мен тәрбиелеу арқылы қазақстандық қоғамда толеранттылықты қалыптастыруды, сонымен қатар БАҚ арқылы халыққа құқықтық актілерді дұрыс жеткізіп отыруын ерекше атап өтеді [2, 253б.].

Ұлттардың бірлігі Ассамблея жұмысының өнімді болуына тікелей байланысты болғандықтан, Қазақстан халқы Ассамблеясының хатшылығының координаторлық рөлін арттыру және Қазақстан жастар конгресімен тығыз жұмыс істеу мәселелері көтерілді.

Сессияда қазақстан қоғамының тұрақтылығын қамтамасыз етудің бірден-бір жолы - Қазақстанда тұрып жатқан барлық этностардың тілін, мәдени мұрасы мен салт-дәстүрлерінің еркін дамуына барынша жағдай жасалу қажеттігі айтылды.

Жалпы Ассамблеяның басты міндеттері жайлы сөз қозғайтын болсақ, оларға мыналар жатады:

1.Этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарының өзара тиімді қарым-қатынаста болуын қамтамасыз ету, қоғамда этносаралық Әкелісім мен толеранттылықты одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдайлар жасау;

2.Халықтың бірлігін нығайту, қазақстандық қоғамның құндылықтары бойынша қоғамдық келісімді қолдау және дамыту;

3.Азаматтардың құқығы мен бостандығына қол сұғуға бағытталған ұмтылыстарға қарсы тұруда мемлекеттік органдарға көмек көрсету;

4.Демократиялық нормалар негізінде азаматтардың саяси және құқықтық мәдениетін қалыптастыру;

5.Ассамблеяның мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу үшін этномәдени және басқа да қоғамдық бірлестіктердің күш-жігерін біріктіруді қамтамасыз ету;

6.Қазақстан халқының ұлттық мәдени мұраларын, тілдері мен дәстүрлерін жаңғырту, сақтау және дамыту.

Ал негізгі басымдылықтарына:

1. Адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының басымдылығы;

2. Халық пен мемлекет мүдделерінің басымдылығы;

3. Адамдардың нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге деген көзқарасына, наным-сеніміне немесе кез келген басқа да жағдайларға қарамастан, құқықтары мен бостандықтарының теңдігі;

4. Ассамблея мүшелерінің теңдігі және жеке жауапкершілігі;

5. Жариялылық жатады.

Ассамблея іс-әрекетінің негізгі бағыттары болып төмендегілер белгіленген: [3, 70 б.]

Мемлекеттік ұлттық саясатты әзірлеуге және іске асыруға жәрдемдесу;

• Қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға жәрдемдесу; мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту;

• Этносаралық саладағы аймақтық саясатты жетілдіру; демография және көші-қон саласындағы жоспарлар мен іс-шараларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу; этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделін елімізде және одан тыс жерлерде насихаттау;

• Ұлтаралық келісімге қол жеткізуге бағытталған ағартушылық және баспа қызметін жүзеге асыру;

• Этносаралық қатынастардың, оның ішінде мемлекеттік тілдің және Қазақстан халқының басқа да тілдерінің қолданылуы саласындағы жағдайға мониторинг жасауды жүзеге асыру;

• Мемлекеттік ұлттық саясат мәселелері бойынша заң жобаларына қоғамдық-саяси сараптама жүргізуге қатысу;

• Ана тілін, мәдениеті мен ұлттық дәстүрлерін сақтау және дамыту, тарихи отанымен байланысын нығайту мәселелері бойынша шетелдегі қазақ диаспорасына қолдау көрсету;

• Келіспеушіліктер мен дауларды шешу; этносаралық қатынастар саласындағы жанжалды жағдайларды болдырмау және оларды шешуге қатысу бойынша ұсынымдар әзірлеу және практикалық шараларды жүзеге асыру; этномәдени қоғамдық бірлестіктерге әдістемелік, ұйымдастырушылық және құқықтық көмек көрсету;

• Этносаралық қатынастар мәселелері бойынша мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктердің диалогын қамтамасыз ететін семинарлар мен конференциялар өткізу, өзге де іс-шараларды өткізу;

• Этносаралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету мәселелері бойынша азаматтық қоғам институттарымен және халықаралық ұйымдармен өзара іс-әрекет жасау;

• Қазақстанның басқа этностарының тарихи отанымен қарым-қатынасын дамытуға көмек көрсету;

• Ұлтаралық келісімді дамытуға жәрдемдесетін және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де қызметтерді жүзеге асыру.

Ассамблеяның құрылуы Қазақстанның және Елбасымыздың тәуелсіздік алғаннан бергі ішкі және сыртқы саясатының заңды жалғасы болды. Қазақстан бастапқыда бейбітшілік, төзімділік және сындарлы диалог мұраттарына ұмтылатын, заманауи әрі зайырлы мемлекет құру бағытын белгілеген болатын. Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы - республикадағы ұлтаралық қатынастар саласының институционалдық дизайнына, халық дипломатиясының өзіндік органына айналды. Ассамблея бұрынғы кеңестік дәуірде де, қазіргі әлемдік тәжірибеде де теңдесі болмаған, азаматтық қоғамның түбегейлі жаңа институты ретінде құрылды. Енді, міне, Ассамблеяның арқасында ұлтаралық қатынастарды саясиландыруды болдырмауға, барлық жанжал әлеуетті сындарлы бағытқа бағыттауға мүмкіндік туды деп үлкен сеніммен айта аламыз [4, 278 б.].

Қазіргі заманның ірі саясаткерлері, рухани көшбасшылар мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері де Қазақстанның этносаралық және конфессияаралық келісімді нығайтудағы тәжірибесіне жоғары баға беруде. Бундестагтық Германия-Орта Азия парламенттік тобының жетекшісі Хеди Вегенер Қазақстанның қызметін былайша сипаттады: “Аумағында 120-дан астам түрлі халықтар мен ұлыстардың өкілдері тұрып жатса да, олардың бейбіт өмір сүруін ұйымдастыра білген ел ол - Қазақстан. Халық жиналысы оларда мемлекет пен халық арасындағы құрал әрі көпір”.

«Ассамблеямыздың тарихы – тұрақтылығымыздың тарихы. Бұл бейбітшіліктің, келісім мен жасампаздықтың 27 жылы». Соңғы 27 жылда Ассамблея еліміздің бейбітшілігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етуде орасан зор жұмыстар атқарды.

Қазақстан халықтары арасындағы сенімі нығайып, Отан тағдыры үшін ортақ жауапкершіліктің жаңа дәстүрлерін дамып, этносаралық және конфессияаралық қатынастардың ашықтығы қамтамасыз етілді. Толеранттылық - Қазақстанның табысты және сенімді дамуының маңызды факторына айналды. Бұлардың барлығы еліміздің сыртқы және ішкі саясатының рухының мықтылығын көрсетеді. Қазақстан халқы Ассамблеясы - аз ғана уақыт ішінде бүкіл әлемге танымал болып, ұлтаралық және конфессияаралық келісім саласындағы тәжірибесінің арқасында еліміздің бірегей визит карточкасына айналды [5, 39-43 б.].

27 жылдық белсенді жұмысында Қазақстан халқы Ассамблеясы үлкен топтастырушы және зияткерлік әлеуетті жинақтап, ұзақ даму жолынан өтті. Ассамблея жұмысының арқасында елімізде этносаралық және конфессияаралық келісімнің бірегей моделі, этностық және діни көзқарасына қарамастан, әрбір азаматтың сенім, ынтымақ пен өзара түсіністіктің ерекше атмосферасы қалыптасты. Конституциямен кепілдік берілген азаматтық құқықтар бекітілді. Еліміздегі барлық этностардың мәдениетін, тілін және салт-дәстүрін дамыту үшін барлық қажетті жағдайлар жасалды. Ассамблея қызметі Қазақстанның ұлтаралық қатынастар мәселелерін тиімді шешетін мемлекет ретіндегі халықаралық беделінің артуына үлкен ықпал етті.

Ендеше, қорытындылай келе, Қазақстан халқы Ассамблеясы - Қазақстанның бірегей саяси инновациясының жемісі деп сөзімді тұжырымдағым келеді. Бүгінде Конституция мен Қазақстан халқы Ассамблеясы жай тәуелсіздіктің жылдарында құрыла салған жай құрдастар емес. Бұл - тұрақтылықтың, жаңғырудың және өркендеудің іргетасына айналған екі ұлы құндылық. Ал сенім, дәстүр, ашықтық және толеранттылық - көпұлтты, гүлденген мемлекетіміздің негізін құраған басты қағидаттар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сулейменова М.Ж., Макалаков Т.Ж., Карибаев А.Е. Роль Ассамблеи народа Казахстана в формировании единства и толерантности в Республике Казахстан // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2017. – № 5-1. – 150-153-бет;
2. Выступление Президента Республики Казахстан Н. А. Назарбаева на XV сессии Ассамблеи народа Казахстана // Казахстанская правда. - 2009. - № 253. -27 окт.
3. Закон Республики Казахстан «Об Ассамблее народа Казахстана» от 20 октября 2008 года № 70-IV;
4. Выступление Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева на XVI сессии Ассамблеи народа Казахстана // Казахстанская правда. - 2010.- № 278.- 21 окт.
5. Нурадиль Г.Н. Строительство новой модели управления для создания прочного мира // Казахстан-Спектр. - 2006.- № 2 (36).- 39-43-бет.